

ӘОЖ 81:001.12/.18

Қ. Кенжеқанова,

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
3-курс PhD докторанты, Алматы қ., Қазақстан,
e-mail: kuralay.kenzhekanova@gmail.com

Саяси дискурстағы манипуляция

Мақалада дискурс, саяси дискурс ұғымдарына түсінік беріліп, саяси дискурстың интерпретациясы мен тілдік ерекшеліктері саяси дискурс мәселелерін зерттеген ғалым-зерттеушілер тарапынан берілген анықтамалар арқылы ашылады. Сонымен қатар, саяси дискурс филологиялық, әлеуметтік психолінгвистикалық және тұлғалық-герменевтикалық тұрғыдан қарастырылды. Саяси үдерістердің тұрақтылығын қамтамасыз етуге, қоғамдағы адамдардың қарым-қатынасын реттеуге бағытталған бүгінгі қоғамның қызмет етуінің ең маңызды элементтерінің бірі ретінде саясаттың қоғам өмірі үшін рөлі анықталды.

Саяси дискурс негізінен үгіт-насихат, идеологиялық күресті жүргізу мақсатында адамдарға манипуляция арқылы ықпал етумен сипатталады. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігінде манипуляция деп адамның көзқарасын өзгертетін және іс-қимылын бақылайтын идеологиялық және әлеуметтік, психологиялық ықпал ету жүйесін атайды. Манипуляцияның референциалдық, аргументтік, фактологиялық және фокустық түрлері сипатталып, манипуляцияның берілу жолдары мысалдармен дәлелдене түседі.

БАҚ бұқара халықтың өз ой-пікірлерін қалыптастыруға көмектеседі деп ойлаймыз. Сондықтан тәуелсіз баспасөзді демократияның міндетті талабы деп тануымыз шынымен дұрыс.

Түйін сөздер: дискурс, саяси дискурс, манипуляция, аргументтік және референциалдық манипуляция, саясат.

K. Kenzhekanova

Manipulation in political discourse

The article deals with the problem of discourse, the concept of political discourse is defined, the concept of interpretation of political discourse and its language features is covered. The political discourse is considered from the point of view of philology, social and psycho-linguistics and individual hermeneutics. The role of policy in life of society is defined and considered as one of basic elements of functioning of society, aimed at providing political stability and regulating the relation of people in society.

The political discourse is characterized by manipulative feature for the purpose of conducting propaganda and ideological conflict. In the sociological explanatory dictionary manipulation is defined as ideological, social and psychological influencing system, which can change the point of view of the person and manage action. Types of manipulations such as referential, argumentative, factual and focal are considered in detail and examples of manipulations are given.

We think that mass media has a huge impact on the formation of public opinion, therefore the independent press is the main requirement of democracy.

Key words: discourse, political discourse, manipulation, argumentative and referential manipulation, policy.

К. Кенжеканова

Манипуляция в политическом дискурсе

В статье рассматриваются проблемы дискурса, определяется понятие политического дискурса, освещаются понятие интерпретации политического дискурса и его языковые особенности. Политический дискурс рассматривается с точки зрения филологической, социопсихолінгвистической и индивидуально-герменевтической. Определяется роль политики в жизни общества и рассматри-

вається как один из основных элементов функционирования общества, направленный на обеспечение политической стабильности, урегулирование отношения людей в обществе.

Политический дискурс характеризуется манипулятивностью с целью проведения пропаганды и идеологического конфликта. В социологическом толковом словаре манипуляция определяется как идеологическая, социальная и психологическая воздействующая система, которая может изменить точку зрения человека и управлять его действиями. Детально рассматриваются такие виды манипуляций, как референциальная, аргументная, фактологическая, фокусная, приводятся примеры манипуляций.

Мы думаем, что СМИ оказывают огромное влияние на формирование общественного мнения, поэтому независимая пресса является основным требованием демократии.

Ключевые слова: дискурс, политический дискурс, манипуляция, аргументная и референциальная манипуляция, политика.

Адам қоғам мүшесі ретінде үнемі адамдармен тығыз қарым-қатынаста болады. Қай саланы алмасақ та қарым-қатынас орнаған жерде манипуляция да орын алады. Әрине манипуляция саяси өмірде айқын көрініс табады. Саясат – саяси үдерістің тұрақтылығын қамтамасыз етуге, қоғамдағы адамдардың қарым-қатынасын реттеуге бағытталған бүгінгі қоғамның қызмет етуінің ең маңызды элементтерінің бірі. Қазіргі таңда саяси қарым-қатынас бүкіл әлем мемлекеттерінің өзекті де проблемалық мәселелерінің бірі болып отыр. Қазақстанда да саясат тіл саясаты мен тілдік жағдаятпен тығыз байланысты болып отыр. Үкіметтің, өкімет басында отырғандардың тілдік қолданысы, олардың жүргізіп отырған саясаты, оның түрлі бұқаралық ақпарат құралдарында көрініс табуы Қазақстан жұрты үшін аса маңызды болып отыр.

Тіл мен саясат, тіл мен идеология ғылыми зерттеу тұрғысынан бұрыннан қызығушылық тудырып жүрген мәселелердің бірі болып табылады. Бұл мәселені ғылыми тұрғыда зерттеген зерттеуші ғылымдар қатарына Б.А. Ахатованың, Г.Г. Бүркітбаеваның, Г. Құсайынованың, Б.С. Каримованың, Қ.Ө. Есенованың еңбектерін атауымызға болады. Бұл еңбектерде дискурс зерттеу нысаны ретінде қаралып, жан-жақты зерттеліп отыр.

Зерттеуші Ж.Қ. Ибраева саяси дискурс мәселесін зерттей келе, «қазіргі ғылымда саясат ұғымы өзара байланысқан құбылыстар мен үдерістердің кешенінде былайша қарастырылады: а) әлеуметтік топтың және бұл топтың немес тұтас қоғамның мүддесіндегі қоғамдық өмірді басқару жөніндегі олардың билік құруын көрсететін ұйымдастырылған қызмет; ә) әлеуметтік топ және мемлекеттік билік, оны жаулап алу, ұстап тұру және пайдалану жөніндегі адамдар қауымдастығы арасындағы қоғамдық қатынастар; б) саяси қызмет пен қатынастардың ажырағысыз

жағын құрайтын саяси сана мен мәдениет; в) саяси ұйымдар мен нормалардың жиынтығы, олардың көмегімен саяси көзқарастар, мақсат-мүдделер жүзеге асырылады. Бұл жерде қатынасу үдерісі әртүрлі әлеуметтік институт (өкімет, Сенат, Мәжіліс) өкілдері мен шартты түрде «азамат/сайлаушы» арасында болатын кездегі саяси коммуникацияның институционалдық сипаты алдыңғы қатарға шығады» деп нақтылайды [1, 45]. Яғни саясат күрделі құбылыс болғандықтан, оны түсіну саясатты түрлі аспектілер тоғысында ұйымдастырылған қызмет пен қоғамдық қатынастар ретінде қарастыру саясаттың табиғатын толыққанды түсінуге мүмкіндік береді.

Саясаттың айқын көрінісі бұқаралық ақпарат құралдарындағы саяси лидерлердің, өкімет басындағы қызметкерлердің, саяси партиялар мен институттардың саяси іс-әрекеттері саяси дискурс түрінді баспасөз беттерінде көрініс тауып отыр. Бұл орайда саяси дискурс жөнінде сөз қозғанымыз жөн деп есептеймін. Саяси дискурс мәселесі көпқырлы, көпаспектілі күрделі де кешенді зерттеуді қажет ететін лингвоәлеуметтік зерттеулердің нысаны болып отыр. Саяси дискурстың теориялық негіздері кембридж және оксфорд философиялық мектептерінің өкілдерімен ХХғасырдың 50-жылдары берілген еді. Саяси дискурс үш түрлі көзқарас негізінде қарастырлуы керек: 1) *филологиялық* тұрғыдан интерпретатор әлемінде басымдық танытатын саяси және идеологиялық концепцияларды негізге ала отырып жай лингвистикалық мәтін ретінде; 2) сөйлеушінің жасырын және тұра мағынада айтылған мақсатын анықтау үшін *әлеуметтік психолингвистикалық* тұрғыдан; 3) *тұлғалық-герменевтикалық* тұрғыдан автордың не интерпретатордың жеке ниетін белгілі бір жағдаяттан анықтау үшін. Саяси дискурсты осы аталған үш тұрғыда қарастырған жағдайда ғана, саяси дискурстың толық табиғатын, болмысын

ашуға болады. Яғни саяси дискурстың мәнін түсіну үшін оны пәнаралық тұрғыдан, әртүрлі ғылым салары тоғысында зерттеп, әртүрлі жағдаятта қолданылған дискурстың мәні мен мазмұнын ашуға мүмкіндік береді.

Орыс зерттеушісі Е.И. Шейгал саяси дискурсты семиологиялық позиция тұрғысынан толық сөйлеу іс-әрекеті ретінде қарастырады. Зерттеуші саяси дискурсты зерттей келе, оның келесідей белгілерін анықтайды:

- бұқаралық адресаттың болуы – көбінесе коммуникативтік жағдаятта тікелей не жанама адресат (не «бақылаушы») ролін жалпы халық не белгілі бір аймақтың тұрғаны атқарады;

- эмотивтік фактор ролінің басымдығы (эмоция әлеуметтік ынтымақтастықты, жүйеге берілгендікті нығайтуға көмектеседі, вербалды агрессия мен құлшынысты уеждей отырып сөз іс-әрекетінің мотивациялық импульс ретінде танылады);

- деректі қарым-қатынастың басым болуы (саяси қарым-қатынаста қарым-қатынастың мазмұны емес, оның дерегі (факт) аса маңызға ие болады);

- денотаттардың фантомдығы мен фидеистикалық болуымен байланысты мағыналық белгісіздік (сенім саяси дискурста иррационалдықтың көрініс ретінде жүреді);

- саяси дискурстағы эзотериялық (эзотиричность) семантикалық категория ретінде емес, прагматикалық категория ретінде қолданылады. Соған орай эвфемизация мен мақсатты түрде ауытқулар да кездесіп жатады;

- саяси дискурстың театрлығы бұқара халықтың саясатты бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қабылдайтындығымен түсіндіріледі. Жұртқа әсер қалдыру мақсатында саясаткерлер тарапынан белгілі бір сөйлеу стратегиясы мен имидж тактикасын құру қажеттілігі туады.

- саясат тілінің динамикалығы саяси жағдаяттардың өзгершендігімен, құбылмалылығымен түсіндіріліп жатады [2, 52-53].

Саяси дискурс негізінен үгіт-насихат, идеологиялық күресті жүргізу мақсатында адамдарға манипуляция арқылы ықпал етумен сипатталады. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігінде манипуляция деп адамның көзқарасын өзгертетін және іс-қимылын бақылайтын идеологиялық және әлеуметтік, психологиялық ықпал ету жүйесін атайды. БАҚ-тың негізгі мақсаты бұқара халыққа елдің саяси жағдайын таныстыру, саяси өмірі туралы ақпарат беру. Алайда қазіргі таңда саяси өмірді хабарлаушы журналистер ақ-

паратты әсерлі жеткізу үшін мақсатты түрде тілдік ауытқуларды қолданып, манипуляцияға жүгінеді. В.И. Даниленко манипуляцияға келесідей анықтама береді: «манипуляция – управляемая извне, систематическое и целенаправленное регулирование формирования мнений и решений или влияние на эти процессы с помощью психологических методов. В ходе которого объекты манипулирования не могут осознать ущерб, наносимый свободе формирования их мнений [3, 56]. Яғни, саяси дискурс деп бұқара халықтың саяси көзқарасын, пікірін қалыптастыру үшін психологиялық, идеологиялық, саяси тұрғыдан эмоционалды түрде әсер ете отырып, халықты саяси іс-әрекетке, қоғамдағы түрлі пікірлер жағдайында қоғамдық-саяси шешімдер негіздеуге және қабылдауға итермелеу, белгілі бір ағымдар идеологиясын немесе саяси ақпаратты таратуды насихаттау, үгіт-насихат жүргізу деп білеміз.

Қазақстандық зерттеуші Б.А. Ахатова өзінің «Политический дискурс и языковое сознание» атты монографиясында ақпарат пен манипуляцияның, ақпараттандырылғандықтың маңыздылығы туралы былай дейді: «политическом дискурсе очень важен фактор информированности. Доступ к информации, возможность ею распоряжаться создает статусное преимущество власти. Информированность становится инструментом воздействия и манипулирования общественным сознанием. Политические события интерпретируются в соответствии со сложившимися социально-политическими установками определяют реакцию людей на различные общественно-политические ситуации, уменьшая их риск и опасность».[4, 242] Ақпараттық жаңартулардың сипатына қарай саяси дискурста келесідей манипуляция түрлері байқалады:

1. *Референциалдық манипуляция* – шындық болмысты сипаттау кезінде денотат/референт бейнесін бұрмалау:

- фактологиялық манипуляция – фактілерді бұрмалау (өтірік айту, асыра сілтеушілік, толық ақпаратты айтпау, референциалдық белгісіздікті тудыру)

- фокустық манипуляция (прагматикалық фокусты өзгерту арқылы денотаттың қабылдауы да манипулятордың діндеген мақсатына қарай өзгеріп отырады).

2. Қарым-қатынасатың постулаттарын бұрмалаумен байланысты *аргументтік манипуляция*:

- мәтіннің даму логикасын немесе тұтастығын бұрмалау (жауаптан қашу, басқа тақырыпқа көшу түрінде);

- дәлелдеу міндетінен бұлтару – иммунизация стратегиясын қолдану – яғни белгілі бір көзқарасты дәлелдеуді қажет етпейтіндей етіп ойды не пікірді хабарлау немесе нақтылық квантификаторын түсіріп тастау мен белгісіздік квалификаторын енгізу арқылы ақпаратты толық, жанжақты бермеу.

Сонымен қатар, референциалдық манипуляция шындық болмысты қай деңгейде бұрмалауға байланысты да болады – шындық не толық бір жағдаят деңгейінде (оқиға не саяси өмірден бір факт болуы мүмкін) бұрмалануы мүмкін, не оқиғалар элементі деңгейінде де болуы әбден мүмкін (қатысушылар, олардың мақсаты, себебі және іс-әрекет нәтижесі, жалпы іс-әрекет, олардың жағдаяттары және т.б.). Тілдік тұрғыдан денотат-оқиғаны бұрмалау толық мәтінге, мәтін фрагментіне не жеке дара айтылым (высказывание) аясында пропозицияларға сүйене отырып іске асуы мүмкін. Ал оқиғаның элементі болып табылатын денотатты бұрмалау жеке атаулар (сөздер және сөз тіркестері) аясында ұғымдарға (фреймдерге) сүйене отырып жүзеге асуы мүмкін.

Фактологиялық манипуляция саяси қарсыласты дискредитациялау үшін оның саяси дәрежесін төмендету мақсатында қолданылады. Ақпаратты бұрмалау не ақпаратты толық айтпау не ақпаратқа жалған ақпарат қосу арқылы оппонентті дискредитациялау жүзеге асады. Мұндау бұрмалаушылық бүкіл ақпараттың мазмұнын ғана өзгертіп қоймайды, сонымен қатар ақпарат адресат үшін жағымды және адресант үшін жағымсыз ақпарат жасырылып қалады. Аудиторияға ақпараттық әсер ету бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жүзеге асады. Сондықтан да БАҚ бұқара халықтың өз ой-пікірлерін қалыптастыруға көмектеседі деп ойлаймыз. Сондықтан тәуелсіз баспасөзді демократияның міндетті талабы деп тануымыз шынымен дұрыс.

2012 жылы болған Қазақстан Республикасының партияларының сайлау науқаны БАҚ-тың баспасөз беттерінде өзінше орын алып, бір партия өз міндеттері мен мақсаттары Елбасы Жолдауымен үндестігін, бірі Елбасы жүргізіп отырған саясат партия мақсаты екенін, бірі *өзім/өзге* стратегиясын қолданып жатқандары БАҚ тілінде келесідей түрде көрініс тапқан:

«Азат Перуашев, Мәжіліс депутаты:

- «Ақ жол» партиясынан Мәжіліске сайланған депутат ретінде ашық айтатын болсам, Елбасымыз халыққа арнаған Жолдауындағы басымдықтардың біздің сайлаудағы бағдарламамыздағы ұсыныстарымызбен үндестігі байқалды. Бұл тапсырмалардың мемлекет бас-

шысының Жолдауында болуы ақжолдықтарды, әрине, қуантады» // Егемен Қазақстан. №41-42 (27114). – 28 қаңтар 2012. – 5 б.

«Осындай мазмұндағы кездесу үшін Сізге зор алғыс айтамын. Бұл біз үшін тарихи және партиямыздың өмірінде үлкен мәні бар кездесу. Біз Сіз жүргізіп келе жатқан саясат өзіміздің бағдарламалық мақсатымызға толығымен сәйкес келетінін үлкен қанағаттанушылық сезіммен атап өтеміз. Әлеуметтік прогресс жөніндегі бастама мемлекеттен басталып, халыққа қызмет етуі керек. Бұл біздің партия жүргізіп отырған және жүргізе беретін бағытқа дәл жауап береді. Сіздің Жолдауыңыз, сондай-ақ Парламент сессиясының ашылуында, экономикалық форумға сөйлеген сөзіңізді – біз партиямыздың пайдасына жаратамыз, – деп атап өтті «халық коммунистері» депутаттық фракциясының жетекшісі Владимир Косарев» // Егемен Қазақстан. №292-297 (27371). – 5 маусым 2012. – 1 б.

«Н.Ә. Назарбаев үшін «мынау ұлық, мынау кішік» деп бөлу, алалау жоқ. Ол үшін 17 миллионға жуық қазақстандықтардың бәрі бірдей. Бәлкім біздің «айымыздың оңынан тууы» Елбасымыздың осынау тамаша ұстанымының жемісі шығар. Егер билік басындағы лауазымды тұлғалар үйреніп, бойынан сіңіретін бір қасиет керек десе, мен Елбасымыздың осынау қасиетін баршаға ұсынар едім» // Егемен Қазақстан. №365-368 (27442). – 3 шілде 2012. – 2б.

«Дариға НАЗАРБАЕВА, Парламент Мәжілісінің депутаты, «Асар» партиясының төрайымы: «Жеңіс атаулы әрдайым айқын да толымды болып көрінеді, содан да ол түсіндіру мен талдауды керексінбейтіндей. Дегенмен, бұл үнемі олай емес. Біз – жеңімпаздар – саналы түрде өз бойымыздағы салтанат қызуын тежеп, осынау табыстың барлық қайнар көзі мен құрамдас бөліктерін жіті безбендеуіміз қажет. Себебі, біздің бұдан былайғы қадамымыз, стратегиялық мақсатымыз бен тактикалық міндеттеріміз сол түсінікке байланысты болмақшы» // Егемен Қазақстан. №25-26 (24279). – 28 /01/2006ж.

Сонымен, саяси дискурс белгілі бір көзқарасты, ой-пікірді, адресаттың белгілі бір әлемдік бейнесін қалыптастыруға бағытталған деп айта аламыз. Саяси дискурсқа саяси қайраткердің эксплицитті де, имплицитті де ниетін көрсететін және оқырманның не тыңдарманның санасына әсер етіп қана қоймай, оның сана-сезімін өз мақсатында қолданатын ерекше прагматикалық потенциал тән.

Әдебиеттер

- 1 Ибраева Ж.Қ. Қазақстанның саяси дискурсындағы саясаткерлердің тілдік тұлғасы // Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы. – 2010. – № 2 (32). – С. 43-46.
- 2 Шейгал Е.И. Проблемы анализа политического дискурса // Русский язык в современном обществе: (Функциональные и статусные характеристики): Сб. обзоров / Отв. ред.: Е.О. Опарина, Е.А. Казак. – М.: РАН ИНИОН. Центр гуманист. науч.-информ. исслед. Отд. языкознания, 2005. – С. 52-53.
- 3 Кухаренко В.А. Интерпретация текста. – М.: Просвещение, 1998. – 230 с.
- 4 Ахатова Б.А. Политический дискурс и языковое сознание: монография. – Алматы: Экономика, 2006. – 302 с.

References

- 1 Ibraeva Zh.K. Kazakstannyn sayasi diskursyndary sayasatkerlerdin tildik tulghasy // Abay atyndary KazYPU habarshysy. Filologiya ғылымдары seriyasy. – 2010. – № 2 (32). – S. 43-46.
- 2 Sheygal E.I. Problemy analiza politicheskogo diskursa // Russkiy yazyk v sovremennom obschestve: (Funktional'nye i statusnye harakteristiki): Sb. obzorov / Otv. red.: E.O. Oparina, E.A. Kazak. – M.: RAN INION. Tsentr gumanit. nauch.-inform. issled. Otd. yazykoznaniya, 2005. – S. 52-53.
- 3 Kuharenko V.A. Interpretatsiya teksta. – M.: Prosveschenie, 1998. – 230 s.
- 4 Ahatova B.A. Politichkiy diskurs i yazykovoe soznanie: monografiya. – Almaty: Ekonomika, 2006. – 302 s.